



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ҚЕАҚ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА»

«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, БОЛАШАҒЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР

ЖИНАҒЫ

17 сәуір, 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ТРАНСВЕРСАЛЬНЫЕ НАВЫКИ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ»

17 апреля, 2024 года



**АСТАНА
2024**

УДК 378
ББК 74.58
Т66

Асылбекова М.П

**«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР,
БОЛАШАҒЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

ISBN 978-601-337-983-8

Т66 «Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу (Финляндия, Эстония тәжірибесі негізінде)» тақырыбындағы 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясындағы «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (Астана қ., 17 сәуір, 2024ж.)/ М.П.Асылбекова.© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024., - 311б.

ISBN 978-601-337-983-8

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены материалы международной научно-практической конференции «Трансверсальные навыки: опыт, проблемы, перспективы».

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-337-983-8

© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024 -ISBN

Редакция алқасы:

Асылбекова М.П. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Сейітқазы П.Б. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

МАЗМҰНЫ

№	Автор(лар), мақала тақырыбы	Беттер
Пленарлық мәжіліс		
1	Асылбекова М.П., Отарова Т.Н. Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамыту тәжірибесі	3
2	Mourat Tchoshanov Designing and studying stem learning in digital age via blended approach of engineering, learning sciences, and didactics	9
3	Ширбачеева Г.Ш. Педагогические вызовы современности: поиск новых подходов к образованию в социокультурной ситуации	12
4	Вахидова Л. В. Теория и технология профессионального развития педагога в контексте трансверсальности	15
5	Кожамкулова Г.Е. Интеграция трансверсальных навыков в содержание куррикулума» (на примере куррикулума Назарбаев Интеллектуальных школ)	20
6	Садикова Ш.А. Теоретико-методологические представления об образовательной среде и основаниях ее проектирования	25
7	Ахмедьянова А.Х. Демонстрация как инструмент оценки профессиональных и трансверсальных компетенций будущих педагогов	30
8	Санатбай П.А. Кәсіби даярлау үдерісінде Soft skills дағдыларын дамыту: шетел тәжірибесі	33
9	Шабаева Г. Ф., Яшина В. И., Чинаева З. М. Инновационная подготовка студентов в полилингвальной и цифровой профессиональной среде по дошкольному профилю в рамках речевого развития детей.	39
10	Baimuldinova G. Thriving in transition: how transversal skills support students in university socium	43
1 СЕКЦИЯ: ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ		
11	Сейітказы П.Б., Махмут Читиль, Ырымбаева Н.А. Медиабілім үдерісінде трансверсалды дағдыларды дамыту	51
12	Абильдина С.Қ., Мукушева А.Н., Дагарова Ж.У. Шағын жинақты бастауыш сынып оқушыларының трансверсалды дағдыларын дамытудың теориялық негіздері	55
13	Абдуллаева Н. М. Тенденции развития образования на современном этапе образовательного процесса	58
14	Абдуллаева Н. М., Шербачеева Л.С. Использование технологий 4К для стимулирования ученической мотивации	62
15	Сламбекова Т.С., Шакаримова К. К. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудағы трансверсальды дағдылардың мүмкіндіктері	66
16	Есекешова М.Д., Тастанбекова Н.Д., Аубакиров А.К. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру - басты міндет	72
17	Ботабаева А.Е., Ажибаева Р. Е. Болашақ педагогтердің трансверсалды дағдыларын қалыптастыруда онлайн оқыту платформаларын пайдаланудың маңыздылығы	77
18	Сейітказы П.Б., Кошанова М. Т. Медиа құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық функциялары	81
19	Шаханова Э.А. Педагогикалық білімнің қолданылу ерекшеліктері	86

20	Otarova T. N., Zhanabaeva A.K. The importance of internet resources in learning	90
47	Молдабай А.М., Саурыкова Ж.М. Issues of terminology systematization»	190
48	Салкынбаева А.М. Тиімді оқыту және тәлімгерлік құпиялары	192
49	Тнимова Ю.М., Нурманалиева У.Т. Compound complex sentences in the english language	196
50	Seisebayeva B.T.,Tolkumbekova A. K. «E-learning as one of the forms of implementation of the learning process»	198
51	Seisebayeva B.T. Peculiarities of development of modern methods in foreign language teaching	202
52	Seitova Z.A. The study relevance of future teachers' social intelligence	207
53	Toregeldieva A. N., Tulebayeva S.K. Using a foreign language in information technology in modern conditions	212
54	Хасенқызы Т., Акрамова Ә.С. Білім беруді цифрландырудағы тәуекелдер	215
55	Аканова А. А., Искакова М. О. Оқытудың белсенді әдістері – сапалы білім беру негізі	221
56	Гайбуллаева С. С., Уалиева Н. Жастармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстың ерекшеліктері	224
57	Калматаева А. М., Калымбетова Д. Ж. Церебральды сал ауруына шалдыққан балаларға арналған логопедиялық түзету жұмыстарының әдістемесі	229
58	Кошимбетова З. Д., Наурызбай Д. Б., Абдигаппарова А.Е. Вербализм вербальды балаларды диагностикалауға арналған тапсырмалар	233
59	Санбаева Б., Есенова К. Сравнительный анализ процессов социально-педагогической адаптации иностранных студентов в образовательных учреждениях Казахстана и Турции: вызовы, стратегии и перспективы»	235
60	Рсалы Г. М.Даярлық тобы балаларын мектепке дайындау мәселелері	243
61	Кәдірбай Ә. Б., Шамбулкерева Б.Н., Нұрхан Д. Е. Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту жолдары мен әдіс-тәсілдері	247
62	Дарменова А.Е Цифрлану жағдайында білім алушылардың трансверсалды дағдыларын дамытудың маңыздылығы	252
63	Аликулова С. А., Болатқызы А. Аутизм – психикалық дамудың бұзылуы	257
64	Гайбуллаева С. С., Алыбай Ж. Жасөспірімдік агрессия – әлеуметтік-педагогикалық мәселе	261
65	Байқоңырова Ж. Балалардағы дизартрия бұзылысына жалпылама сипаттама	265
66	Ахметова Т.Ш. Интертеймент технологиясының заманауи білім берудегі маңызы	268
3 СЕКЦИЯ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ БҮЙІНШІ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ		
67	Сламбекова С.Т. Дарынды балалардың әлеуметтік - эмоционалды әл-ауқатын психологиялық қолдаудың ерекшеліктері	273
68	Ныгманбеков К. М. Педагогтердің кәсіби даму мониторингін зерделеу арқылы даму жоспарын әзірлеу	276
69	Мамыракина Ф. С. Тіл сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының креативті жазылым дағдыларын дамыту»	280
70	Шаханова Э.А., Сманова Л.У. Влияние стиля воспитания на специфику семейных конфликтов в подростковом возрасте	290
71	Ыбырайқызы А., Нұғыманова Н. Ә. Ертегі - халық педагогикасының көне жауһары	297
72	Тусипжанов Б.А. Кемпіркосақ» бейнелеу өнері үйірмесі	301
73	Аханова А. К. Мағжанның маржан мұрасы	304

8. Biserova, G.K., & Shagivaleeva, G.R. (2019). Socio-Psychological Adaptation of International Students to Learning and Professional Activities. *Space and Culture, India*.
9. Cemalcılar, Z., & Falbo, T. (2008). A Longitudinal Study of the Adaptation of International Students in the United States. *Journal of Cross-Cultural Psychology*, 39, 799 - 804.
10. Macgregor, A., & Folinazzo, G. (2018). Best Practices in Teaching International Students in Higher Education: Issues and Strategies. *TESOL Journal*, 9, 299-329.
11. Khanal, J., & Gaulee, U. (2019). Challenges of International Students from Pre-Departure to Post-Study. *Journal of International Students*.
12. Kim, H.Y. (2011). International graduate students' difficulties: graduate classes as a community of practices. *Teaching in Higher Education*, 16, 281 - 292.
13. Dorozhkin, I.N., & Mazitova, L.T. (2008). Problems of the Social Adaptation of Foreign College Students. *Russian Education & Society*, 50, 23 - 30.

ДАЯРЛЫҚ ТОБЫ БАЛАЛАРЫН МЕКТЕПKE ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Рсалы Гүлнұр Мұхтарқызы

rsaly.g.m@gmail.com

магистрант, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қаласы, Қазақстан

Аннотация. Мақалада қазіргі заман талабына сай балаларды мектепке оқуға дайындау мәселесінің бірнеше факторлары қарастырылған.

Annotation This article addresses various aspects of preparing children for school in line with contemporary standards.

Түйін сөздер: Балалар, мектепке дайындау, психологиялық даярлық, болашақ оқушы, мәселе.

Key words: Children, preparation for school, psychological preparation, future student, problem.

5-6 жас кезеңін көптеген психологтар «мектепке дайындық» немесе «мектептегі оқуға жетілу» деп қарастырады. А. Анастасидің ойынша мектептегі оқуға жетілу баланың жеке басының қасиеттерімен қатар іскерлік, дағды, білім, қабілет, мотивация дамуларымен тығыз байланысты [1]. Балалар психологы Й. Шванцер мектепке оқуға жетілуге ерекше мән берген. Оның ойынша «бұл баланың мектептегі оқуға қатыса алуына мүмкіндік алатын ерекше баспалдағы» [2]. Ал, Л. И. Божович «оқуға даярлық» кезеңін бір- бірімен тығыз байланысқан психикалық функциялардың байланысы негізінде оқуға қажетті мүмкіндіктің тиімді деңгейі» деп қарастырған [3].

Көптеген зерттеуші мамандардың пікірінше 5-6 жасар балалардың мектептегі оқуға даярлығы төмендегі үш аспектіге байланысты: Анатомиялық-физиологиялық; Психикалық; Арнаулы даярлық.

Анатомиялық - физиологиялық даярлық балалардың денсаулығымен оның генотипі мен физиологиялық жетілуі, перинатальдық даму кезеңінен туындаған себептері, әртүрлі созылмалы аурулары.

Психикалық даярлық - психикалық функциялары мен механизмдерінің:

Интеллектуалды, Жеке басының эмоционалды-еріктік процестерінің деңгейлері.

Арнаулы даярлығы баланың дербес ерекшеліктері негізінде оқуға қажетті іскерлік пен дағдыларының қалыптасуы. Баланың психикалық дамуына өз әсерін тигізетін әрекеттің бірі-психологиялық жаңа білім. Бұл процесс даму кризисі дағдарысы деп аталады.

Даму дағдарысында балада мынадай өзгерістер байқалады: баланың әрекеті өзгере бастайды; өзін-өзі әлсіз сезінеді; мінез тұрақсыздығы; эмоциясының басымдылығы.

Мектепті жетілдіруге бағытталған реформалар бала дамуының ерекшеліктерін ескере отырып, оларды мектепке қабылдау және оқыту мерзімінің ұзақтығы туралы жаңа

көзқарастарды жүзеге асыруды көздейді.

Қазіргі кезде оқытуды мектеп алды тобындағы даярлықтан бастайды. Бұл шешім мектепке дейінгі балалық шақтағы балалардың жалпы өсуімен қатар барлық ағзаның функционалдық жетілуімен сипатталады. Кіші жастағы балалардың анатомиялық, физиологиялық және психологиялық даму ерекшеліктері Ж.Пиаже, Л.С.Выготский, Л.И.Божович, В.В.Давыдов, Д.Б. Эльконин, А.Ф.Обухова т.б. көптеген психологтар еңбектерінде жан-жақты талданған. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап психологиялық және педагогикалық зерттеулерде акселерация туралы ой-пікірлер кеңінен талдана бастады. Олардың негізгі ғылыми тұжырымдамасы - соңғы кезде балалардың дамуындағы дене өсуіндегі және интеллектуалдық дамуындағы нормативтердің өзгеруі [4].

Мектепке дейінгі балалық шақта (үштен жеті жасқа дейін) организмнің қарқынды жетілуі жалғаса түседі. Жалпы өсумен қатар ткандар мен мүшелердің анатомиялық қалыптасуы және функциялық дамуы жүріп жатады. Ми салмағы 1110 грамнан 1350 грамға дейін өседі. Үлкен ми сыңарлары қабықтарының реттегіш рөлі мен оның ми қабығы астындағы орталықтарды бақылауы арта түседі. Шартты рефлексдердің пайда болу жылдамдығы артып, әсіресе екінші сигнал жүйесі қарқынды дамиды.

Дене дамуы баланың дербестігінің арта түсуі үшін, тәрбие мен оқыту процесінде қоғамдық тәжірибенің жаңа формаларын игеруі үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Мектепке дейінгі шақтың елеулі ерекшелігі болып баланың құрдастарымен жасайтын арнайы өзара қарым-қатынасының пайда болуы, балалар қоғамының құрылуы болып табылады. Мектеп жасына дейінгі баланың басқа адамдарға қатысты өзіндік позициясы өз менін және өз қылықтарының маңызын аңғарудың арта түсуімен, үлкендердің ішкі дүниесіне, олардың іс-әрекеттері мен өзара қарым-қатынасына ерекше қызығуымен сипатталады.

Мектеп жасына дейінгі бала дамуының әлеуметтік ситуация ерекшеліктері оған тән іс-әрекет түрлерінің алдымен сюжеттік-рольдік ойындардан көрініп отырады. Үлкендер өмірімен араласу талабымен оған деген білім мен іскерліктердің болмауының ұштасып келуі баланың сол өмірді өзінің шамасы келетін ойын формасында игеруіне алып келеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы үшін айрықша қолайлы жағдайлар мектепке дейінгі қоғамдық тәрбие жүйесі арқылы жасалынады. Мектепке дейінгі мекемелерде балаларды оқыту программасы жүзеге асып, олардың бірлескен іс-әрекеттерінің алғашқы түрлері қалыптасып, қоғамдық пікір пайда болады. Арнайы жүргізілген зерттеулердің нәтижесі көрсетіп отырғандай, психикалық дамудың жалпы дәрежесі мен мектепте оқуға даярлықтың барысы жағынан балабақшада тәрбиеленгендер бақшаға бармағандардан жоғарырақ болады.

Мектеп жасына дейінгі баланың іс-әрекетінің негізгі түрі. Айтылып өтілгендей, мектепке дейінгі шақта жетекші іс-әрекет ойын болып есептеледі. Оның жетекші іс-әрекет болуы, қазіргі баланың өзінің көп уақытын ойынмен алданып, үлкендердің еңбек әрекетіне аз немесе мүлдем араласпауына байланысты емес. Ойын баланың психикасында сапалы өзгерістер туғызады: онда мектеп жетекші болатын оқу әрекетінің негіздері қаланады.

Балалардың ересек адамдармен бірлесіп өмір сүруге ұмтылуы бірлескен еңбек негізінде қанағаттандырыла алмайды. Бұл қажеттілігін балалар ойын үстінде қанағаттандыра бастайды, ойын арқылы өздеріне ересектер ролін алып, еңбектік өмірді ғана емес, сол сияқты әлеуметтік қарым-қатынасты да нақтылап көрсетеді. Баланың қоғамдағы осындай ерекше орны оның үлкендер өміріне араласуының айрықша түрі болып саналатын рольдік ойынының пайда болуының негізіне айналады. Ойын үстінде сәбиге адамдар арасында болатын объективті қарым-қатынастар тұңғыш рет ашылып, ол әрбір іс-әрекетке араласу адамнан белгілі міндеттерді орындауды талап ететінін және біршама құқықтар мен міндеттер беретінін біледі. Бірлескен іс-әрекет үстінде олар өз іс-әрекеттерін үйлестіруді үйренеді. Балалар тобының басқа мүшелерімен жасалынатын мұндай шынайы өзара қарым-қатынастар коллективтік сапаларды ғана қалыптастырып қоймай, сонымен бірге баланың өзіндік санасын қалыптастырып құрдастарына қарап бағдар алу әлеуметтік сезімдерін: топқа ілісу, басқаға жаны ашу т.б. қабілеттерін қалыптастырады.

Балалардың мектепте оқытуға даярлығын зерттеу негізінде олардың отбасындағы және мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінде алған тәжірибесімен тікелей байланысты екендігін ескере отырып, олардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру жолдарын анықтаған. Балалар іс-әрекетінің психологиялық құрылымының дамуы әр жас кезеңінде әр түрлі жолмен жүреді. Қандай да іс-әрекет бір қатар элементтерді қамтиды. Оларды бәрі бірге іс-әрекетінің құрылымын сипаттайды. Осы іс-әрекет не үшін жасалынып отырғанын білдіретін көрсеткіштер - іс-әрекет мотивтері, іс-әрекетті орындау нәтижесінде алынуға тиіс деп елестететін мақсаты, осы нәтижеде жетуге қажетті операциялар мен тәсілдері, өзгеруі тиісті нәтижеге әкелетін материал-объектіні құрайды [5]. Мысалы, мектепке даярлық тобындағы балалар балабақшадағы кіші топтағы балаларға сыйлау үшін ойыншықтар жасайды. Бұл іс-әрекеттің мотиві әр балада әр түрлі болуы мүмкін. Біреулері сәбилерді қуанту үшін жасаса, екіншілері үлкендердің талабын орындау үшін жасайды, ал үшіншілерінде ойыншықтарды даярлау процесінің өзі қанағаттану сезімін туғызады. Мақсат - ойыншықтар жасау. Объект - ойыншық жасайтын материал. Операциялар - қажетті өнім алу үшін орындалуға тиісті нақтылы іс-әрекеттер (қағазды бояу, желімдеу т.б.).

Мақсат және оның мотивтерімен байланысы іс-әрекетте анықтаушы мәнге ие. Баланың дамуында іс-әрекеттің, мақсатқа бағытталуы біртіндеп қалыптасады. Мысалы, үш жасар балалар өз іс-әрекеттерін күні бұрын белгіленген мақсатқа сай ұйымдастыра алмай, мақсатынан оңай айырылып қалады. 5-6 жасар балалар үшін іс-әрекеттің, көбінесе материалмен, олар іс-әрекет жасайтын заттық ситуациямен анықталуы тиіс. Мысалы, олар текшелерден үй құрастырғанда, олардың іс-әрекеттері алдарында қандай (түрі - түсі) текшелер жатқанына тәуелді болады да, алдын ала ойланған жоспарға байланыстылығы сирек кездеседі. Мектепке дейінгі шақтың соңына қарай болашақ өнім, нәтиже туралы ұғым іс-әрекетте неғұрлым жетекші орын ала бастайды. Алайда бұл барлық балалада бірдей бола бермейді. Мектепке келетін көптеген балалар үшін іс-әрекеттердің мақсаттылығының, ұйымшылдығының, еркіндігінің төмен деңгейде дамуы тән, мұның өзі оларды оқыту процесінің табыстылығын төтенше қиындатып жібереді.

Балалардың сана механизмдерінің дамуы. Сананың даму процесінде баланың болмысты дамыта, тамаша бейнелеуінің мазмұны, құрылымы және механизмдері өзгеріп отырады. Бұл нақтылап айтқанда, оның ойлау әрекеті ерекшеліктерінің өзгеруімен байқалады. Мысалы, мектепке дейінгі бала үшін тұтас ситуация мен заттардың сыртқы қасиеттерін бейнелеу басым болса, кейінірек балалар заттардың функцияларын, ал одан соң олардың құрылысын т.б ерекшеліктері бастайды. Біртіндеп ұғым және ұғымдар жүйесі қалыптасады [6].

Бала ойлауы дамуының осынау алуан түрлі дәрежесі ұғымдарды салыстыру түріндегі тапсырманы орындағанда байқалады. Тас пен жұмыртқаның айырмашылығы неде? - деген сұраққа балалар: Тас көшеде, қалада болады, ал жұмыртқаны дүкенде сатады (баланың нақтылы ситуацияда тәжірибе негізінде салыстыруы), - деп жауап береді. Жұмыртқа ақ, іші сары, ал тас ақ та, сұр да болады (сыртқы белгілерін ажырату); Жұмыртқаны жейді, ал тасты жеуге болмайды, Жұмыртқаны жейді, ал тастан үйлер тұрғызады, (заттың функциясын бөліп көрсету); Жұмыртқа тауықтан алынады, ал тас табиғатта өздігінен пайда болады, (пайда болу белгісі); Екеуі де зат, бір тас желінбейді бір жұмыртқа желінеді, (тектік және түрлік ұғымдарды пайдалану). Сөйтіп, бір объективті мазмұның өзін балалар түрліше бейнелеу мүмкін. Олар осы мазмұнның әр түрлі қыры мен белгілерін бөліп көрсетеді. Демек, бала санасының объективтік мазмұны өзгереді.

Сана дамуының маңызды критерийі баланың ойланып толғану дәрежесі, заттар мен жүргізетін өз іс-әрекеттерін, түрлі қасиеттегі заттарды және ең соңында өзін, өзінің менін түсінуі болып табылады. Өзіндік менді түсіну баланың жеке басы дамуының әр жағын дәнекерлейтін негізгі механизмге айналады.

Бала дамуының тұтас процесінің үш негізгі жағын бөліп шығаруға болады:

- 1) оқыту процесінде білім мен іс-әрекет тәсілдерінің дамуы;
- 2) игерілген тәсілдерді қолданудың психологиялық механизмдерінің дамуы;

3) жеке адамның жалпы қасиеттерінің (бағыттылығы, іс-әрекет, сана және ойлаудың психологиялық құрылымы) дамуы.

Дамудың көрсетілген бағыттарының әрқайсысы өзіне тән ерекшеліктермен сипатталып, ақиқат түрде барлығы өзара байланыста болады да, тек барлығы қосылғанда ғана психикалық даму деп аталынатын жеке адамның өзгеріс процесін құрайды.

Балаларды мектепке даярлау бағыттары.

1. *Ақыл-ойының даярлығы.* Бұл мектепке дейінгі баланың білімі және біліктілігі. Кез-келген бала жазып және санаумен ғана шектеліп қана қоймай, ең маңыздысы салыстыра білуді, талдауды, ойлай білуді, өздігінен қорытынды жасай білуі тиіс. Көрнекі-әрекеттік ойлау қабілеттілігі жоғары бала көрнекі үлгімен жұмыс істегенде, заттардың кейпімен, мөлшерін ұйқастырғанда, қойылған міндеттерді шешуде тиімді әрекеттердің барлық түрін орындап шығады. Сонымен бірге баланың сөйлеу тілінде кемістіктің болмауы және өзіне сөйлеген сөздің мағынасын түсініп, өзінің ойын жеткізе алуы қажет. Бала өзбетімен сөйлем құрастырып, ұқсас дыбыс тіркестерін анық айта алуы маңызды. Әрбір бала әңгімені құрастырумен қатар бала заттарды, суреттерді, әрекеттерді бейнелеп және оның мазмұнын айтып беруі қажет. Яғни, баланың сөздік қорының мөлшері, таным үрдістерінің даму деңгейі, логикалық операцияларды орындай алуы, баланың оқуда білімді табысты меңгеруінің негізі болып табылады.

2. *Биологиялық кемелденуі.* Мектептегі оқу әрекеті-бұл ағзаның барлық жүйелерінің қатты жұмыс істеуін қажет ететін үрдіс. Баланың ағзасында жаңа ережелер мен іс-әрекеттерге үйрену өзгерістер туғызады. Оқушы мектептің талаптарын орындап жаңа күн режиміне, сабақтарда тәртіп сақтап отыруға дағдылануы қажет. Алайда кез-келген баланың денсаулық жағдайы мұндай өзгерістерге бірден бейімделе алмайды. Сондықтан баланың денсаулық жағдайы (дене салмағы, бойының ұзындығы т.б.) нормадағы 5-6 жасар баланың дене көрсеткіштеріне сәйкес болуы тиіс. Сонымен бірге көру, есту моторикасының дамуы және жүйке жүйесінің физиологиялық жатқызуға болады.

3. *Жеке басының қалыптасуы мен әлеуметтік даярлығы.* Мектепке келген бала оқимын деген ниетпен мектеп табалдырығын аттайды. Бірақ кейде бала оқуға барғым келеді дегенмен, оның мотиві әртүрлі болады. Біреуі мектепте көп бала бар және онда көңілді десе, біреуі партаға отырғысы келгендіктен мектепке баруы мүмкін. Алайда мұндай ықыласпен мектепке келген балалар, біраз уақыттан кейін мектептің қатал тәртібіне және күнделікті оқу сабақтарына шыдай алмайды. Жалпы, бала оқу үрдісінің өзіне қызығуы қажет. Сонда ғана бұл баланың таным қызығушылықтарының дамуына, жаңа білім алуына мүмкіндік жасайды. Сонымен бірге бала мұғалімдермен, балалармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті қасиеттердің қалыптасуы аса маңызды. Яғни, оқу әрекеті ұжымдық сипат болғандықтан, әрбір бала құрдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, бірге жұмыс істеуге дағдылануы керек. Кейбір балалар жаңа ұжымға тез еніп, балалармен тез тіл табысып кетеді. Ал кейбіреулері көпке дейін құрбыларымен тез тіл табыса алмағандықтан, ұжымнан тыс қалып, жалғыз жүреді. Сондықтан баланың ұжымда өзіне тиісті орын алуы, оның қарым-қатынасына әсер етеді. Сөйтіп берілген құраушылар баланың басқалармен қарым-қатынас арқылы мектепте оқытуға, мектеп оқушысының рөлі арқылы балалар тобымен ойлау дайындығын дамытады [7].

4. *Ерік сапаларының қалыптасуы мен эмоционалдық даярлығы.* Бұл баланың шешім қабылдай алып, мақсат қоя білуі. Сонымен бірге баланың әрекеттерді жоспарлап, олардың орындалуын жүзеге асыруда күш жұмсай білуі, қиындықтарды жеңуі баланың психологиялық үрдістердің қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Егер баланың мектептегі оқуға дайындығы осы бағыттармен ұштасып жатса, баланың оқуға тез бейімделіп, жақсы оқып кетуіне мүмкіндік туғызады. Мектеп табалдырығын алғаш аттағанда бала мұғалімдермен және басқа да балалармен кезіккенде мазаланады, оқу үрдісінен өзіне жағымсыз эмоциясын сезініп, қорқыныш пайда болады. Осыдан келе нашар оқитын балалар екінші жылға қалып қоятын балалар пайда болады. Сонымен бірге баланың көңіл-күйінің болмай, себепсізден жиі ауыруы мектеп невроты сипатында көрінеді, яғни

мектепті еске алса болғаны жылап, уайымдайды. Сөйтіп, мектеп бала үшін стрессогендік факторға айналып, денсаулығының нашарлауына келіп соғады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Анастаси А. «Психологиялық тестілеу», Москва 1982ж.
2. «Психодиагностика» пәнінен лекциялар жинағы, 2018ж.
3. Божович Л.И. «Тұлға және оның балалық шақта қалыптасуы», Мәскеу, 1968ж.
4. Битянова. М. Р. «Практикалық психология» Мәскеу, 1997ж.
5. Абеуова И.А., Дусманбетова Г.А., Махаматова, М.Н. Шерьязданов, «Университеттегі психологиялық қызмет» Алматы, 2004ж.
6. Ю.Бэррон Р., Ричардсон Д. «Агрессия» Санкт-Петербург, 1998ж.
7. «Баланы мектептегі оқуға дайындаудың психологиялық бағыттары» Омарбекова Ж.Т., Орал 2021ж.

ҒТАМР: 14.29.29

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Кәдірбай Әсел Бейбітқызы

asel.kadirbai17@bk.ru

«Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасының аға оқытушысы.

Шамбулкереева Ботакөз Нұрланқызы

botakoz.almagul@gmail.com

Нұрхан Дариға Есенғалиқызы

dariganurkhan@gmail.com

6B01901 «Логопедия» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Қазақстан

Аннотация: Мақалада есту қабілеті бұзылуының себептері туралы, оның алдын алу жолдары туралы, сөйлеу аппараттарының дамуы мен жетілу әдістері, қазіргі замандағы ауруға себеп болатын технологиялардың зияны мен әсері мазмұндалады. Сонымен қатар, денсаулыққа пайдалы кеңестер мен лайфхактарды ұсынылады.

Annotation: The article discusses the causes of hearing impairment, ways to prevent it, methods of development and maturation of the speech apparatus. We will talk about the harm and impact of technologies that cause disease in modern times. In addition, we will offer useful health tips and life hacks.

Тірек сөздер: сурдопедагогика, арнайы білім беру принциптері, білім беру әдістері.

Keywords: sign language therapy, principles of special education, methods of education.

Есту қабілеті бұзылған баланың психикалық даму ерекшеліктері жеке психикалық процестердің де, жалпы тұлғаның да қалыптасуында көрінеді. Есту қабілетінің бұзылуы баланың дамуына өте жағымсыз әсер етеді. Балалардың көпшілігінде есту қабілетінің жоғалуы интеллектіні қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі болып табылатын дыбыстық сөйлеудің қалыптасу кезеңінде болады. Демек, есту қабілетінің бұзылуы баланың басқалармен қарым-қатынас жасау қабілетін шектейді және оның сенсорлық қабылдау ауқымын нашарлатады. Есту қабілеті бұзылған баланың дамуының күрделі құрылымында негізгі қайталама ауытқу баланың басқалармен қалыпты қарым-қатынасына кедергі